

<b>Білім беру бағдарламасы</b>	<b>6B01503 География мұғалімдерін даярлау</b>
<b>Мақсаты</b>	Оқытудың инновациялық технологияларына бағдарланған, креативті ойлауды меңгерген, қазіргі ғылыми-практикалық деңгейде кәсіби-педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алатын география бойынша жоғары білікті педагог кадрларды даярлау
<b>БББ күтілетін нәтиже</b>	<p><b>ОН 1</b> Кәсіби сөйлеу жағдайларында лингвистикалық құралдармен нақты коммуникативті мәселелерді шешу, олардың кәсіби қызметінде терминдерді қолдану.</p> <p><b>ОН 2</b> Құқықтық және іскерлік мәселелер тұрғысынан ұлттық рухта тәрбиеленген білімге және жаһандық проблемаларға бей-жай қарамайтын, волонтерлік және инновациялық қызметке дайын икемді дағдыларға ие болу.</p> <p><b>ОН 3</b> Психикалық дамудың жалпы, ерекше және жеке ерекшеліктерін және инклюзивті білім берудің құндылығын есепке алу құралдарын қолдана алады, әртүрлі жас деңгейлеріндегі мінез-құлық пен іс-әрекетті реттеу ерекшеліктерін біледі</p> <p><b>ОН 4</b> Ғылыми зерттеулер жүргізу үшін пәндік салада, оның ішінде шет тілінде зерттеу нәтижелерін және академиялық жазуды ұсыну дағдыларын меңгеру</p> <p><b>ОН 5</b> География ғылымының негіздерін білу және табиғат пен қоғам арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу.</p> <p><b>ОН 6</b> Ақпараттық және картографиялық бейнелерді іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін сандық технология мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану, деректерді педагогикалық қызметте пайдалану үшін қолдану.</p> <p><b>ОН 7</b> Геоэкология саласында және қоршаған ортаны қорғауда білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауда алған білімдерін қолдану.</p> <p><b>ОН 8</b> Физикалық география саласындағы негізгі ұғымдар, заңдылықтар, физикалық географияның бөлімдері және географиялық ақпаратты іздеу, ресімдеу, құрылымдау және жүйелеу дағдылары туралы білімдерін кәсіби қызметте қолдану.</p> <p><b>ОН 9</b> Географияны оқытудың әдістемесі мен әдіс-тәсілдерін меңгеру, педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін бағалау мен талдау, география сабағында инновациялық оқытудың әдістемелік тәсілдерін көрсету.</p> <p><b>ОН 10</b> Экономикалық және әлеуметтік географияның қазіргі жағдайы, оның басқа ғылым салаларымен байланысы туралы іргелі білімдерін педагогикалық, ғылыми және практикалық мәселелерді шешу үшін пәнаралық байланыстарды пайдалана отырып, оқу процесін жобалау үшін көрсету.</p>
<b>ОП түрі</b>	Қолданыстағы БББ
<b>ҰБШ бойынша деңгей</b>	6
<b>СБШ бойынша деңгей</b>	6
<b>Берілетін академиялық дәреже</b>	«6B01503 География мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
<b>Оқыту мерзімі</b>	4
<b>Кредиттердің көлемі</b>	240
<b>Кәсіптік стандарттың атауы</b>	педагог
<b>Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні</b>	10-04-2023